

"Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 96 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 413 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабының 7-тармағына және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 20 қаңтардағы № 226 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 96 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 18, 213-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары осы қаулыға қосымшаға сәйкес
ж а ң а р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
	<i>К. Мәсімов</i>	
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы	
Ү к і м е т і н і ң		
2 0 1 2	ж ы л ғ ы	3 1
№ 4 1 3	қ а у л ы с ы н а	н а у р ы з д а ғ ы
		қ о с ы м ш а

Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы	
Ү к і м е т і н і ң		
2 0 1 1	ж ы л ғ ы	8
№ 9 6	қ а у л ы с ы м е н	а қ п а н д а ғ ы
бекітілген		

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

Мазмұны

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің миссиясы мен пайымдауы
2. Ағымдағы ахуалды және қызметтің тиісті салаларындағы (аясындағы) даму үрдістерін талдау
3. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері
4. Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту
5. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл
6. Тәуекелдерді басқару
7. Бюджеттік бағдарламалар

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің миссиясы мен пайымдауы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің миссиясы – мәдениет және ақпарат саласында сапалы және қолжетімді қызметтер көрсетуге, мемлекеттік және басқа тілдердің қарқынды дамуына, ел бірлігінің нығаюына, мемлекет пен азаматтық сектор әріптестігінің тиімді жүйесін қолдауға бағытталған мемлекеттік саясатты әзірлеу және тиімді іске асыру.

Пайымдауы – азаматтық бастамаларды іске асырудың тиімді тетіктері, ел бірлігінің мызғымас қағидаттары бар, жалпыұлттық мәдени, ақпараттық және тілдік орта.

2. Ағымдағы ахуалды және қызметтің тиісті салаларындағы (аясындағы) даму үрдістерін талдау

1-стратегиялық бағыт. Мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру

Реттелетін салалар мен қызмет аялары дамуының негізгі өлшемдері.

Саланың инфрақұрылымы. Қазақстандағы мәдениет және өнер мемлекеттік мекемелерінің желісінде 40 республикалық (9 театр, 6 концерттік ұйым, 3 кітапхана, 6 мұражай, 9 тарихи-мәдени қорық-мұражай, 1 кинокомпания, 6 басқа ұйым) және 8 мыңнан астам облыстық мәдениет ұйымдары (173 мұражай, 4 078 кітапхана, 2 859 клуб, 44 театр, 25 концерттік ұйым, 31 кинотеатр және телетеатр, 458 киноқондырғы, 4

хайуанаттар бағы, 2 цирк, 26 мәдениет және демалыс саябағы) қызмет етеді.

Соңғы 10 жылда театрлардың саны 20 %-ға ұлғайған, кинотеатрлар мен кинозалдардың саны 40%-ға, мұражайлардың саны 30%-ға, кітапханалардың саны 15%-ға өскен. Саланың көрсететін қызметтеріне сұраныс қарқынды түрде өсуде – кинотеатрлар көрермендерінің саны 12 есеге артты. Театрлар мен мұражайларға келушілер санының көрсеткіші 30%-ға ұлғайды, кітапханалардың тұрақты оқырмандарының саны 25%-ға өсті.

Заңнамалық базаны жетілдіру. 2010 жылы «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Қабылданған түзетулер отандық киноматография, мұражай және кітапхана ісі саласындағы сұрақтарды реттеуге бағытталған. Атап айтқанда, киноөнімдерді индексациялау және прокаттық куәліктер беру механизмі енгізілді, ұлттық киноның критерийлері анықталды, кітапханалық қорды қалыптастыру нормасы түзетілді, жергілікті атқарушы органдар құзыретіне облыстық, аудандық не республикалық маңызы бар бір кітапханаға «Орталық» мәртебесін беру функциясы қ о с ы л д ы .

Мәдениет мекемелері көрсететін қызметтер. 2011 жылы 11 755 спектакль қойылды, 6 401 концерт ұйымдастырылды, 7 ғылыми-қолданбалы, 37 археологиялық зерттеу өткізілді, 30 тарих және мәдениет ескерткіштерінде қалпына келтіру жұмыстары жалғастырылды, олардың 6-уы толығымен қалпына келтірілді. Республикалық мұражайларда 107 көрме, 357 лекция және 14 353 экскурсия өткізілді. Кітапханаларда бес жүзден астам іс-шара ұйымдастырылып, өткізілді. Соңғы бес жыл ішінде саланың көрсететін қызметтерінің саны 18 %-ға өсті.

Қазақстан мәдениетін шетелдерде танымал ету. Соңғы бірнеше жылда Мәдениет күндері форматындағы іс-шаралар ісжүзінде барлық ТМД елдерін, Еуропаның және Азияның, Таяу Шығыстың жетекші мемлекеттерін қамтыды. Жалпы, 2005 жылдан 2011 жылға дейін әлемнің 38 елінде отандық мәдениетті дәріптеуге бағытталған мәдени іс - ш а р а л а р ө т к і з і л д і .

Мәдениет қайраткерлерін қолдау. Мәдениет саласындағы талантты және болашағы зор қайраткерлерді ынталандырудың механизмі енгізілді. Тағылымдамалар мен біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Отандық репертуарды толықтыру мақсатында гранттар бөлу және шығармашылық байқаулар өткізу қарастырылған.

Қаржыландыру. Мәдениет саласының қызмет етуі үшін 2005 - 2010 жылдары бөлінген қаражат көлемі 134,8 млрд. теңгені құрады, соның ішінде 2005 жылы – 8,8 млрд. теңге, 2006 жылы – 11,3 млрд. теңге, 2007 жылы – 20,1 млрд. теңге, 2008 жылы – 37,7 млрд. теңге, 2009 жылы – 34,5 млрд. теңге, 2010 жылы – 21,2 млрд. теңге.

Негізгі проблемаларды талдау.

Бірінші. Мәдениет саласындағы отандық өнімнің қызмет көрсету нарығындағы

шетелдік өндірушілердің басымдығының негізінде бәсекелестігінің жеткіліксіздігі.

Екінші. Өңірлердегі мәдениет мекемелері желісінің дамуындағы үйлесімділіктің болмауына негізделген республика тұрғындарының мәдениет мекемелері көрсететін қызметтерге қолжетімділігінің теңсіздігі.

Үшінші. Мәдениет саласын инфрақұрылымының қажетті жағдайда дамымауы, мамандандырылған кадрлар мен мәдениет ұйымдарының тапшылығы.

Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау.

Отандық мәдени нарықтағы шетелдік өнімнің басымдығы саланың нарықтық қатынасын дамыту, продюсерлік және баспагерлік қызметті ынталандыру, талантты әдебиет пен өнер қайраткерлеріне қолдау көрсету арқылы мәдениет саласында бәсекеге қабілетті өнім шығарудың механизмдерін жетілдіру қажеттілігін тудыруда.

Қазіргі заманғы ыңғайлы форматта халықтың мәдени құндылықтарға қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік беретін жаңа технологияларды енгізу, мәдениет нысандарын сандық форматқа ауыстыру процестерін бұдан әрі жетілдіруді, тиісті интернет-ресурстарды сапалы мазмұнмен қамтамасыз етуді талап етеді.

Саланың нормативтік-құқықтық базасын бұдан әрі жетілдіру елдің мәдени кеңістігінің сәулетін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Келешекте – мәдениет ұйымдары желісінің ең төменгі мемлекеттік нормативтерін және мемлекеттік мәдениет ұйымдарының типтік штаттарын, саланы паспорттауды енгізу жоспарланған.

2-Стратегиялық бағыт. Отандық ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру

Реттелетін саланың немесе қызмет өрісі дамуының негізгі өлшемдері.

Ақпараттық сала инфрақұрылымының жағдайы. 2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада 2 740 бұқаралық ақпарат құралы (бұдан әрі - БАҚ) қызмет етеді, оның ішінде: мемлекеттік 439 (16 %), мемлекеттік емес – 2 301 (84 %). БАҚ-тың жалпы санының 91 %-газеттер (1 662) және журналдар (832), 8,5 %-ын – электрондық БАҚ-тар (50 телекомпания, 43 радиоккомпания, 134 кабельдік теледиар және 6 спутниктік хабар тарату операторлары) және 0,5 %-ын ақпараттық агенттіктер (13) құрайды. Қазақ тілінде таралатын (эфирге шығатын) БАҚ-тардың үлесі 543 (20%), орыс тілінде - 920 (33%), қазақ және орыс тілдерінде 930 (34%), қазақ, орыс және басқа тілдерде – 347 (13%).

Астана қаласында ашылған «Қазмедиа орталығы» бірегей телерадиокешені хабар тарату компаниялары үшін сапалы және бәсекеге қабілетті контент өндірісіндегі ағымдағы және келешектегі қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндігі бар басты технологиялық алаң болды.

Заңнамалық базаны жетілдіру. 2012 жылғы 18 қаңтарда «Телерадио хабарларын тарату туралы» Заң қабылданды, онда телерадионарықтағы барлық субъектілердің

қатынастарын реттеудің және цифрлық хабар тарату форматына көшудің құқықтық жағдайлары белгіленген.

Табыстар және жетістіктер. 2011 жылдың басында ұлттық цифрлық спутниктік желі іске қосылды. Хабар тарату жүйесіне барлық жалпыұлттық теле-, радио арналар (37) кірді. Оларды спутниктік ресурстарға орналастыру мемлекеттік бюджет қаржысынан қамтамасыз етілді, бұл отандық теледидарды алыс және шалғай елді-мекендерді қоса алғанда, Қазақстанның барлық аумағында толық көлемде көру мүмкіндігін қамтамасыз етті. 2006 жылғы Женева келісімнің мүшесі болып табылатын Қазақстан 2015 жылы жерүсті эфирлік телехабар таратудың сандық форматына толық көшуге дайындалуда.

Мемлекеттік арналардың тұжырымдамаларын қайта форматтау және жаңа тақырыптық арналар жасаудың шеңберінде 2011 жылы «Қазақстан» және «Хабар» телеарналарында рейтингі төмен бағдарламаларды жабу жөніндегі жұмыстар жүргізілді, «Балапан» және «Мәдениет» тақырыптық телеарналары, «Classic» жаңа радиосы ашылды. 2012 жылы «Білім» және «Жаңалықтар-24» телеарналарын ашу жоспарланады.

2011 жылғы 1 қыркүйектен бастап «Қазақстан» ұлттық телеарнасы 100% мемлекеттік тілде хабар таратуға көшті. Бүлдіршіндерге арналған «Балапан» телеарнасы да тек қазақ тілінде хабар таратады. Интернетте Вақ.kz агрегатты-сайты іске қосылды, онда 90-нан астам қазақ тілді ақпарат ресурстары шоғырландырылған. Меншікті сайттары жоқ аймақтық БАҚ-қа 54 арнайы парақ ашылды. Қазақ тілді Wikipedia порталының ұлттық тілдегі мақалалардың саны жөніндегі рейтингі 125 орыннан 36 орынға көтерілді, бұл «1 000+мақала» санатындағы елдерден «100 000+мақала» санатындағы елдердің қатарына көшуге мүмкіндік берді.

Елдегі 234 мемлекеттік мұрағат мекемелері республиканың бірыңғай мұрағаттар жүйесін құрайды. Қазақстандық мұрағатты халықаралық мұрағаттық кеңістікке интеграциялау мақсатында 14 алыс және жақын шет елдермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жөніндегі келісімдер жасалды. Соңғы 20 жылда Ұлттық мұрағат қорының көлемі және жеке құрам бойынша құжаттар саны 11,6 миллионнан 24,2 миллион сақтау бірлігіне өсті.

Қаржыландыру. 2005-2010 жылдары мемлекеттік ақпараттық саясатты қаржыландырудың көлемі 80 598,7 млн. теңгені құрады, атап айтқанда, 2005 жылы - 8 811,8 млн. теңге, 2006 жылы – 10 480,4 млн. теңге, 2007 жылы – 12 077,8 млн. теңге, 2008 жылы – 16 467,4 млн. теңге, 2009 жылы – 16 467,4 млн. теңге, 2010 жылы – 16 293,9 млн. теңге.

Негізгі проблемаларды талдау.

Бірінші. Отандық ақпараттық саланың бәсекеге қабілеттілігінің төмен деңгейі.

Екінші. Медиялық инфрақұрылымның технологиялық артта қалуы.

Үшінші. Цифрлық телерадио хабарлар таратудың болмауы.

Төртінші. Қазақстандық Интернет жүйелері сегментінің жеткіліксіз дамуы.

Бесінші. Қазіргі заманға сай ақпараттық технологиялардың және Ұлттық мұрағат қоры құжаттарын автоматтық режимде орталықтандырылған мемлекеттік есепке а л у д ы ң б о л м а у ы .

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, соның ішінде, «Телерадио хабарларын тарату туралы» Қазақстан Республикасының 18.01.2012 жылғы Заңының нормаларын іске асыру арқылы жетілдіру, міндетті теле-радио арналарды ұсыну кепілдігімен 100 пайызға дейін халықты эфирлік цифрлік телерадио хабар таратумен қамтамасыз етуге, отандық телевизиялық және радиоарналардың дамуына жағымды құқықтық жағдай жасауға, ұлттық радиожилік қорды оңтайландыруға және оны орынды қолдануға мүмкіндік береді. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың даму процесі БАҚ үшін Интернет желісінің мүмкіндіктерін қарқынды қолдану жолымен ақпаратты таратудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Газеттер мен журналдардың электрондық аналогтарын құру, меншікті интернет-ресурстар ашу, оларды online режимінде тарату Қазақстан туралы ақпарат қызықтыратын ел азаматтарына, сондай-ақ, шетелдік интернет пайдаланушылар үшін ақпарат көздерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, БАҚ-тың интернетке шығуы олардың жұмыстарын жеделдетудің деңгейін арттыруға ықпалын тигізеді.

3-стратегиялық бағыт. Қазақстан халқын біріктіру факторы ретінде төзімді тілдік орта құру

Реттелетін салалар мен қызмет аялары дамуының негізгі өлшемдері.

Сала инфрақұрылымының жай-күйі. Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы жұмыс істейді. Мемлекеттік тілді үйрету орталықтарының өңірлік желісі жоспарлы түрде кеңейтілуде: 2005 жылы – 8, 2006 жылы – 12, 2007 жылы – 36, 2008 жылы – 45, 2009 жылы – 93, 2010 жылы – 101, 2011 жылы - 132 орталық .

Саланың табыстары және жетістіктері. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) б е к і т і л д і .

Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностар тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданылуын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың бірінші кезеңінде тіл біліктілігі стандарттарын пысықтау басталды: мемлекеттік тілді оқытудың стандарттарын жетілдіру, оны меңгерудің деңгейін А1-А2 – тілді оңай қолдану, В1-В2 - өздігінен қолдану, С1-С2 – білікті қолдану деңгейлері бойынша бағалаудың жүйесін енгізу

жөнінде жұмыстар жүргізілді. Қазақ тілін оқыту үшін шешімдерімен тапсырмалар әзірлеу бойынша дайындық жұмыстары аяқталды.

238 аталым баспа өнімі әзірленіп, басып шығарылды, олардың ішінде аса құнды, қазіргі заманғы ғылыми-теориялық талаптарға сай лексикографиялық еңбек - 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» бар. Сонымен қатар, барлық жастағы балаларға арналған 15-томдық «Әлем балалар әдебиетінің інжу-маржандары», классикалық әдебиеттердің «Әлемдік классика» 25-томдығы, аудиокітаптар, инновациялық ғылыми-әдістемелік бағдарламалар, т.б. басылымдар жарық көрді.

Мемлекеттік тілді үйренудің жүйесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу мақсатында 2008 жылы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» порталы жасалып (www.til.gov.kz), онда интернет – сервистердің жиырмадан астам түрі орналастырылды.

Мемлекеттік органдарда құжат айналымын мемлекеттік тілге кезең-кезеңмен көшіру қамтамасыз етілді. 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілде іс жүргізу мониторингінің автоматтандырылған жүйесі енгізілді. Мемлекеттік органдардағы мемлекеттік тілдегі құжат айналымы 82 %-ға жетті.

Төзімді тілдік орта қалыптастыру. 2011 жылғы жағдай бойынша этномәдени бірлестіктер жанында 190–нан аса жексенбілік мектептер жұмыс істейді (2005 жылы мектептердің саны 160 болған), оларда республикамызда тұратын 7 мыңнан астам балалар мен ересектер 30-ға жуық этностық топтардың тілдерін оқиды.

Қаржыландыру. 2005 - 2010 жылдары бөлінген қаржының көлемі 8 млрд. 282 млн. теңгені құрады: 2005 жылы республикалық бюджеттен – 327,9 млн. теңге, 2006 жылы – 588,5 млн. теңге, 2007 жылы – 1 млрд. 639,2 млн. теңге, 2008 жылы – 1 млрд. 543,9 млн. теңге, 2009 жылы – 1 млрд. 24,1 млн. теңге, 2010 жылы – 668,9 млн. теңге бөлінді.

Негізгі проблемаларды талдау.

Бірінші. Қоғамдағы мемлекеттік тілді меңгеру деңгейінің жеткіліксіздігі.

Екінші. Мемлекеттік тілдің еліміздің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігінде жеткіліксіз енгізілуі.

Үшінші. Қазақстандық қоғамдағы тілдік мәдениеттің төмендеуі.

Төртінші. Қазақстандықтардың лингвистикалық капиталының сақталу және нығайту қажеттілігі.

Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау.

Мемлекеттік тілді оқытудағы бірыңғай әдістеме мен стандарттардың жоқтығы, қазақ тілін оқытатын оқытушылар мен мамандардың дайындық деңгейінің төмендігі, оқыту инфрақұрылымы қызметінің бірыңғай стандарттарының, сондай-ақ мемлекеттік тілді меңгеру процесінің ынталандыру және мониторингі жүйесінің жоқтығы қоғамда мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін арттыруда тежегіш фактор болып отыр.

Еліміздің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігіне мемлекеттік тілді енгізу

процесіндегі маңызды фактор ретінде оның халықаралық қатынас, бос уақыт пен ойын-сауық саласындағы белсенді қолданылуы, оның заң, ғылым және жаңа технологиялар тілі ретінде дамуы, мемлекеттік тілде сөйлеудің беделін арттыру мен оны отбасылық құндылық ретінде дәріптелуі болып табылады.

Қазақстандық қоғамның тілдік мәдениетін арттыру, лингвистикалық капиталын нығайту саласында терминология, антропонимика, ономастика саласындағы мәселелерді шешу және ономастика, сөйлеу мен жазу мәдениетін жетілдіруге септігін тигізу, сондай-ақ толерантты тілдік орта құру басымдыққа ие болып табылады.

4-стратегиялық бағыт. Мемлекеттілікті және ел бірлігін одан әрі нығайту, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету

Реттелетін салалар мен қызмет аялары дамуының негізгі өлшемдері.

Қоғамдық-саяси сала инфрақұрылымының жай-күйі. Республикада 10 саяси партия, 818 этно-мәдени бірлестік (бұдан әрі – ЭМБ), 18 000 астам үкіметтік емес ұйымдар (бұдан әрі – ҮЕҰ) және бірқатар кәсіптік одақтар жұмыс істейді. 2006 жылдан бастап, ҮЕҰ жыл сайынғы өсімі – 1000-нан астам ұйымды құрайды.

Табыстар мен жетістіктер. Елімізде болып жатқан қоғамдық-саяси процестердің, этникааралық қарым-қатынастар дамуының жағдайы мен ағымдарын терең зерделеу мақсатында министрлік жағдайды жүйелі мониторингілеу механизмін дұрыс жолға қойған. Ел дамуының негізгі басымдықтарын, стратегиялық бағдарламалық құжаттарды түсіндіруге бағытталған ақпараттық-насихаттық іс-шаралар өткізуге қатысты тұрақты түрде жұмыс жүргізіліп келеді. Әлеуметтік мәліметтерге сәйкес мемлекеттік саясаттың бағдарламалық құжаттары мен негізгі бағыттары туралы халықтың хабардарлық деңгейі 85%-дан астамды құрады.

Министрліктің үйлестірушілік рөлінің аясында биліктің, бизнес пен ҮЕҰ негізгі әлеуметтік әріптестігін жолға қойған, 2006 – 2011 жылдарға арналған Азаматтық қоғамды дамытудың тұжырымдамасы тиімді іске асырылды. Нәтижесінде, заң жобаларын әзірлеуге, бағдарламаларды іске асыруға, еліміздің маңызды даму мәселелері бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізуге ҮЕҰ-ы кеңінен тарту күнделікті тәжірибеге айналды. Мемлекет пен ҮЕҰ-дың әріптестігінің басымдықтарын белгілейтін, Азаматтық форумдар жүйелі түрде өткізіледі. Салалық мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар дамуға бет алды. 2011 жылдан бастап барлық мүдделі мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына олардың азаматтық сектормен өзара іс-қимылдарының тиімділігі индикаторлары енгізілді.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың шеңберінде соңғы төрт жылда Министрлік тарапынан қоғамдық өмірдің түрлі салаларындағы ҮЕҰ-дың 700-ден астам әлеуметтік маңызды жобалары қаржыландырылды. Министрліктің басты әріптестері – барлық республикалық шығармашылық одақтар, Қазақстан халқы Ассамблеясының қоры,

республикалық этно-мәдени бірлестіктер, Қазақстанның Азаматтық Альянсы, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, «Болашақ» президенттік бағдарламасы түлектерінің қауымдастығы, Мемлекеттік тілді дамыту қоры, Іскер әйелдер қауымдастығы, Қазақстан жастарының конгресі, «Атамекен» одағы және көптеген басқа да әйелдер, жастар, ардагерлер, экологиялық ҮЕҰ. Мемлекеттік тапсырыстың барлық процедураларын айқын және ашық орналастырғаны үшін министрлік «Таным» қоғамдық сыйлығының иегері болды.

Заңнамалық базаны жетілдіру. 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» жаңартылған Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енді.

Қаржыландыру. 2005-2010 жылдары қаржыландыру көлемі 3 млрд. 430 млн. теңгені құрады: Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыруға 2005 жылы 59,7 млн. теңге бөлінді, 2006 жылы – 200 млн. теңге, 2007 жылы – 299,2 млн. теңге, 2008 жылы – 709,2 млн. теңге, 2009 жылы – 917,2 млн. теңге, 2010 жылы – 1 млрд. 206 млн. теңге бөлінді.

Негізгі проблемаларды талдау.

Бірінші. Халық арасында ақпараттық-насихаттық жұмыс жүргізу әдістемесін жетілдіру, сондай-ақ «үндесу алаңдары» қызметін қамтамасыз ету саласында да әдістемелік база құру қажеттігі туындап отыр.

Екінші. Мемлекеттік рәміздер саласындағы заңнамалардың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету тәжірибесін жетілдіру талап етіледі.

Үшінші. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру және орналастыру саласындағы заңнамалық, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз ету бұдан әрі жетілдіруді талап етеді.

Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау.

Мемлекеттің басты міндеттерінің бірі халықпен тиімді идеологиялық жұмыс жүргізу екендігін ескере отырып, ақпараттық-насихаттық қызметтерді ұйымдастырудың механизмдері мен әдістерін әрі қарай жетілдіру, осы салада азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастықты кеңейту, заман талабына сай келетін әдістемелік және техникалық базаны әзірлеу және енгізу талап етіледі.

3. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері

3.1. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері

			Есепті кезең	Жоспарлы кезең
--	--	--	--------------	----------------

Атауы	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	2009 жылы	2010 жылы	2011 жылы	2012 жылы	2013 жылы	2014 жылы	2015 жылы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1 - С Т Р А Т Е Г И Я Л Ы Қ								Б А Ы Т	
Мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру									
1.1-мақсат. Отандық мәдениетті елде және шетелдерде танымал ету									
Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың коды (001, 003, 006, 007, 008, 009, 010, 011, 012, 013, 019, 020, 021, 028, 029, 068)									
Нысаналы индикатор									
Мәдениет саласындағы қызметтер сапасымен тұрғындардың қанағаттануының деңгейі	әлеуметтік зерттеу	%	30	50	50	52	54	56	57
1.1.1-міндет. «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасын одан әрі жүзеге асыру аясында тарихи-мәдени мұраны сақтау және танымал ету									
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері									
Республикалық және жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің мемлекеттік тізіміне енген объектілердің жалпы санының қалпына келтірілген, консервациядан өткен мәдени мұра объектілерінің үлесі	ведомствоға бағынысты ұйымдардың есептері	%	0,66	0,73	0,78	0,83	0,89	0,95	1,02
Тарихи-мәдени мұраларды елде және шетелдерде танымал етуге бағытталған іс-шаралардың санының өсуі	ведомствоға бағынысты ұйымдардың есептері	бірл.	165	168	170	180	177	179	180
«Мәдени мұра» жобалары туралы тұтынушылардың хабардар болу деңгейі	әлеуметтік зерттеу	%	40	70	75	76	77	78	80
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	Жоспарлы кезең								
			2011 жылы	2012 жылы	2013 жылы	2014 жылы	2015 жылы		
Қазақстандағы тарихи-мәдени мұраларды кешенді зерттеу			X	X	X	X	X	X	X
Тарихи-мәдени мұраланың сақталуын қамтамасыз ету			X	X	X	X	X	X	X
Ел ішінде және шетелде ұлттық тарихи мұраны насихаттау			X	X	X	X	X	X	X
Меморган көрсететін қызметтердің сапасына қанағаттану бойынша халыққа сауал ұйымдастыру және өткізу жөнінде іс-шаралар жоспарын әзірлеу			-	X	-	-	-	-	-
Ақпараттық-танымдық веб-порталдарды Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы туралы контенттермен толықтыру			X	X	X	X	X	X	X
1.1.2-міндет. Мәдени құндылықтарға тұрғындардың қол жетімділігін арттыру									

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері

Мәдениет ұйымдарына 1000 адамға шаққандағы келушілердің орташа саны : - кітапханаға келушілер - театрға келушілер - мұражайға келушілер	Статистика агенттігінің деректері	бірл.	265 124 256	268 121 257	269 122 258	271 124 260	273 126 262	275 127 264	277 129 266	
«Қазақстан Кітапханасы» мемлекеттік электрондық кітапхана қоры» ақпараттық жүйесіне қатысушылық	қолданушыларды есепке алудың электрондық жүйесі kazneb.kz	мың адам	-	49	50	51	52	53	54	
Автоматтандырылған мемлекеттік қызметтердің үлесі	бұйрық	%	-	-	-	83	17	-	-	
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар						Жоспарлы кезең				
						2011 жылы	2012 жылы	2013 жылы	2014 жылы	2015 жылы
Мемлекеттік мәдениет мекемелерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету				X	X	X	X	X	X	
Мәдениет нысандарын салу және қайта қалпына келтіру				X	X	X	X	X	X	
Мәдениет нысандарының қызмет етуін қамтамасыз ету				X	X	X	X	X	X	
Мемлекеттік мәдениет ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау				X	X	X	X	X	X	
«Қазақстан Кітапханасы» мемлекеттік электрондық кітапхана қорының контентін толықтыру				X	X	X	X	X	X	
Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын және регламенттерін әзірлеу				X	X	-	-	-	-	
1.1.3-міндет. Мәдениет саласындағы отандық өнімдерге сұраныстың артуын ынталандыру										
Жалпы кинопрокат көлеміндегі отандық фильмдердің үлесі	кинотеатрлар репертуары мониторингі	%	5,2	6,5	4	4,4	4,8	5,2	5,6	
Республикалық және өңірлік театрлардағы жаңа театрлық қойылымдардың саны (жылдық кесім)	ведомствоға бағынысты ұйымдардың есептері	бірл.	36	39	42	43	44	45	46	
«Өнер, сауық, демалыс» көрсеткішінің артуын қамтамасыз ету	Статистика агенттігінің деректері	Бұрынғы жылға ИФО %-те	100,0	100,0	105,0	105,0	105,0	105,0	105,0	
Бизнесті тіркеу мен жүргізуге, кеткен уақыт пен шығындарды қоса есептегенде, (рұқсаттама, лицензия, сертификат, аккредитация және кеңес алу) қатысты	операциялық шығындарды төмендету мониторингі	%	-	30	-	-	-	-	-	

операциялық шығындар деңгейінің төмендеуі									30	
Мемлекеттік бақылаудағы жоспарлау тіркеуінің санын 30%-дейін төмендету	ведомствалық есептілік	%	-	-	-	10	10	10	10	-
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар						Жоспарлы кезең				
						2011 жылы	2012 жылы	2013 жылы	2014 жылы	2015 жылы
Мәдениет саласындағы қайраткерлерді ынталандыру (дарынды тұлғаларды қолдау, мәдениет қайраткерліне мемлекеттік сыйлықтар мен стипендиялар төленуін қамтамасыз ету)						X	X	X	X	X
Әлеуметтік-маңызды және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру						X	X	X	X	X
Ұлттық фильмдер шығару						X	X	X	X	X
Бизнесті тіркеу мен жүргізуге қатысты операциялық шығындарды азайтуға бағытталған ұйымдастыру-тәжірибелік іс-шаралар өткізу						X	X	X	X	X
Мемлекеттік бақылау субъектілерінің жоспарлы тексерулерінің санын төмендетуге бағытталған ұйымдастыру-практикалық іс-шаралар өткізу						X	X	X	X	X
2 - С Т Р А Т Е Г И Я Л Y Қ								Б А Ғ Ы Т		
Отандық ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру										
2.1-мақсат. Мемлекеттік ақпараттық саясатты, баспа және мұрағат ісін іске асырудың тиімділігін арттыру										
Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың коды (001, 003, 018, 019, 020, 021, 022)										
Отандық ақпараттық өнімдерге тұтынушылардың сұраныс деңгейі	әлеуметтік зерттеу	%	-	-		30	50	52	54	56
Ұлттық мұрағат қорының көлемін арттыру	бағыныстағы мекемелер және жергілікті атқарушы органдардың есептері	сақ. млн. бірл.	-	-		300,0	550,0	850,0	1150,0	1450,0
2.1.1-міндет. Мемлекеттік ақпараттық саясатты БАҚ арқылы іске асыру										
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері										
Жаңа мемлекеттік отандық телевизиялық және радиоарналарды іске қосу	жасалған жұмыстардың актілері	бірл.	-	1		1	3	-	-	-
Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде шығарылған отандық баспа БАҚ материалдарының көлемі (газеттер)	жасалған жұмыстардың актілері	А - 2 Форм. жол	12 685	13 240		12 400	1 3 988	1 2 855	12 855	12 855
Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде шығарылған отандық баспа БАҚ материалдарының көлемі (журналдар)	жасалған жұмыстардың актілері	Есепт. шығару пар.	875	970		875	953	875	875	875

канағаттанған сұраныстарының үлесі	бағынысты мекемелердің есептері	%	80	80	80	85	87	90	92
Белгіленген мерзімде орындалған әлеуметтік-құқықтық сипаттағы сұраныстардың үлесі	бағынысты мекемелердің есептері	%	80	80	80	85	87	90	92
Цифрлық форматқа көшірілген Ұлттық мұрағат қоры құжаттарының үлесі	бағынысты мекемелердің есептері	%	-	5	5	7	9	10	15
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезең				
					2011 жылы	2012 жылы	2013 жылы	2014 жылы	2015 жылы
Ұлттық мұрағат қорының мемлекеттік мұрағаттарда сақталудағы құжаттарын (мұрағат құжаттарының жиынтығы, анықтамалықтар, көрмелер) пайдаланудың тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар өткізу					X	X	X	X	X
Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын цифрлық форматқа көшіру					X	X	X	X	X
Мемлекеттік мұрағат қызметтерінің дәріптелуіне (теле-, радиобағдарламалар, БАҚ жарияланымдар, тұрақты жұмыс істейтін және тақырыптық көрмелер, республикалық семинарлар) бағытталған іс-шаралар өткізу					X	X	X	X	X
2.1.6-міндет. Әлеуметтік маңызы бар әдебиетті шығару									
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері									
Шығарылатын әлеуметтік маңызы бар әдебиет атауларының саны	баспалардың есептері	бір.	474	300	405	380	374	374	374
Республика кітапханаларына таратылған әлеуметтік маңызы бар әдебиеттердің саны	тапсыру қабылдау актісі	бір.	948 000	600 000	971 000	926 000	897 000	897 000	897 000
Тақырыптық жоспардың орындалу деңгейі	сараптама кеңесінің хаттамасы	%	100	100	100	100	100	100	100
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезең				
					2011 жылы	2012 жылы	2013 жылы	2014 жылы	2015 жылы
Әлеуметтік маңызы бар әдебиеттерді шығаруға тақырыптық бағыттарды айқындау					X	X	X	X	X
Кітап шығарушы ұйымдардың тізбесін айқындау					X	X	X	X	X
Кітап шығару					X	X	X	X	X
Республика кітапханаларына кітап тарату					X	X	X	X	X
3 - С Т Р А Т Е Г И Я Л Ы Қ								Б А Ғ Ы Т	
Қазақстан халқын біріктіру факторы ретінде төзімді тілдік орта құру									
3.1-мақсат. Мемлекеттік тілді және қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын дамыту									

Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың коды (001, 005, 024)

Нысаналы индикаторлар

Республикадағы мемлекеттік тілді меңгерген ересек халықтың үлесі	әлеуметтік зерттеу	%	52,0	60,0	63,0	65,0	68,0	71,0	75,0
Республикадағы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген халықтың үлесі	әлеуметтік зерттеу	%	1,5	3,5	5,5	7,0	10,0	10,5	11,0

3.1.1-міндет. Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік және біріктіру функцияларын кеңейту

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері

Қазақ тілін оқыту орталықтарында оқитындардың саны	Қазақ тілін оқыту орталықтарының есептері	%	29 000	29 225	30 000	3 2 500	3 5 000	37 700	38 000
Мемлекеттік органдарда жалпы құжат айналымындағы мемлекеттік тілде іс жүргізудің үлестік көлемі	құжат айналымына мемлекеттік тілді енгізу процесінің мониторингі	%	60	80	82	84	86	88	90
Мемлекеттік тіл ұлттық порталын пайданушылардың саны	Порталды пайдаланушыларды есепке алудың электрондық жүйесі	мың адам	162,5	200	230	270	300	300	300
Ұйымдастыру-әдістемелік іс-шаралармен қамтылған қазақ диаспорасы тұратын елдердің саны	Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының есептері	бірл.	12	18	19	20	20	21	21

Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	Жоспарлы кезең				
	2011 жылы	2012 жылы	2013 жылы	2014 жылы	2015 жылы
Қазақстанның барлық азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеру жүйесін құру бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру	X	X	X	X	X
Мемлекеттік тілді қолдану саласын кеңейту және мәртебесін арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу	X	X	X	X	X
Қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелендіру жұмыстарын ұйымдастыру (ономастика, терминология, антропонимика саласында)	X	X	X	X	X
Шетелдегі отандастарымызға саяси-дипломатиялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық тұрғыдан қолдау көрсету	X	X	X	X	X
Шетелдегі отандастарымыздың мәселелері бойынша аналитикалық және әлеуметтік зерттеу жұмыстары жүйесін ұйымдастыру	X	X	X	X	X

3.1.2-міндет. Қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын сақтау

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері

Республикадағы орыс тілін меңгерген ересек халықтың үлесі	әлеуметтік зерттеу	%	88,0	89,0	89,0	89,1	89,2	89,3	89,5
---	--------------------	---	------	------	------	------	------	------	------

Республикадағы ағылшын тілін меңгерген халықтың үлесі	әлеуметтік зерттеу	%	2	5,6	6,0	8,0	10,0	11,0	12,0	
Ана тілін оқыту курстарымен қамтылған этно-мәдени бірлестіктері бар этностардың үлесі	ЭМБ мәліметтері	%	-	-	54	57	60	62	64	
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	Жоспарлы кезең									
				2011 жылы	2012 жылы	2013 жылы	2014 жылы	2015 жылы		
Коммуникативтік-тілдік кеңістіктегі орыс тілінің қолданылуын қамтамасыз ету				X	X	X	X		X	
Қазақстанда тұратын этностардың тілдерін сақтау және мәдениеттерді өзара байыту үшін үшін жағдай жасау				X	X	X	X		X	
Шет тілдерін оқыту үдерісінің кең білім беру кеңістігін сақтау жұмыстарын жүргізу				X	X	X	X		X	
4 - С Т Р А Т Е Г И Я Л Ы Қ								Б А Ғ Ы Т		
Мемлекеттілікті және ел бірлігін одан әрі нығайту, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету										
4.1-мақсат. Ел бірлігін қамтамасыз ету және қазақстандық патриотизмді нығайту										
Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың коды (001, 018)										
Нысаналы индикаторлар										
Қоғамдық санада Мемлекеттің даму стратегияларын және мемлекеттік саясатты қолдаудың деңгейі	әлеуметтік зерттеу	%		55	85	86	87	88	89	90
Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасын оң бағалаған респонденттердің үлесі	әлеуметтік зерттеу	%		45	52	55	56	57	58	59
Мемлекеттік рәміздер саласында өткізілетін жұмыс туралы халықтың хабардар болу деңгейі	әлеуметтік зерттеу	%		-	-	-	65	67	70	72
Әлеуметтік-маңызы бар ҮЕҰ жобаларының саны	жобалардың саны	бірл.		-	-	55	55	55	55	55
Мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдердің ашықтығы	Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің есебі	Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің рейтингіндегі орын		-	75	62	46	45	44	43
4.1.1-міндет. Этносаралық келісімді сақтау мен нығайту, Қазақстан халқы ассамблеясының рөлін одан әрі арттыру										
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері										

Басшылық лауазымдарды атқаратын әкімшілік мемлекеттік қызметші әйелдердің үлесі	құрылымдық бөлімшелердің есептері	%	-	-	30	30	30	30	30
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезең				
					2011 жылы	2012 жылы	2013 жылы	2014 жылы	2015 жылы
Бағдарламалық құжаттар мен мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын түсіндіру мен насихаттау жөнінде іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және өткізу			X	X	X		X	X	
Мемлекеттік рәміздерді насихаттауға бағытталған кешенді іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу			X	X	X		X	X	
Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Жолдауының негізгі басымдықтарын қабылдау пәні бойынша қоғамдық пікірлерге мониторинг			X	X	X		-	-	
4.1.3-міндет. Елдің даму стратегиясын іске асыруға азаматтық қоғам институттарының қатысуын кеңейту									
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері									
ҮЕҰ-мен және бизнес-сектормен бірлесіп іске асырылған жобалардың үлесі (іске асырылған жобалардың жалпы санынан)	мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша өнім берушілердің және ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың есептері	%	-	-	5	5	5	5	5
Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберіндегі ҮЕҰ-дың қызметтері мен қамтылған халықтың үлесі	мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыру бойынша ҮЕҰ есептері	%	16	16	18	20	22	24	26
Тұрақты негізде жұмыс істейтін азаматтық қоғам институттарының қатысуымен үндесу алаңдарының саны	меморгандар мәліметтері	бірл.	300	300	300	305	305	305	305
Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде ҮЕҰ-ның қызметтерін оң бағалаған тұрғындар саны	әлеуметтік зерттеулер	%	-	-	10	15	20	25	30
Азаматтық қоғам институттарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаның жағдайын оң бағалаған респонденттердің үлесі	әлеуметтік зерттеулер	%	-	-	5	7	9	11	13

Гендерлік саясатты іске асыруға бағытталған әлеуметтік маңызы бар жобаларды қолдау деңгейі	мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру жөніндегі конкурстың қорытындылары	% (мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жалпы көлемінен)	-	2,5	4,3	4,6	4,9	5,2	5,5	
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар				Жоспарлы кезең						
				2011 жылы	2012 жылы	2013 жылы	2014 жылы	2015 жылы		
Азаматтық қоғам институттарының қатысуымен іс-шаралар мен жобалар ұйымдастыру				X	X	X	X	X		
Қазақстандықтардың белсенді азаматтық ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар кешенін өткізу				X	X	X	X	X		

3.2. Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарымен сәйкестігі

Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары және мақсаттары	Стратегиялық және (немесе) бағдарламалық құжаттың атауы
1	2
1-стратегиялық бағыт. Мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру	
1.1 Отандық мәдениетті елде және шетелдерде танымал ету	«Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Жолдауы Ел бірлігі доктринасы
2-стратегиялық бағыт. Отандық ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру	
2.1 Мемлекеттік ақпараттық саясатты, баспа және мұрағат ісін іске асырудың тиімділігін арттыру	«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы «Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығы
3-стратегиялық бағыт. Қазақстан халқын біріктіру факторы ретінде төзімді тілдік орта құру	
3.1 Мемлекеттік тілді және қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын дамыту	«Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекет саясатының басты мақсаты» атты Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы Жолдауы «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы «Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 922 Жарлығы Ел бірлігі доктринасы
4-стратегиялық бағыт. Мемлекеттілікті және ел бірлігін одан әрі нығайту, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету	

4.1 Ел бірлігін қамтамасыз ету және қазақстандық патриотизмді нығайту	«Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекет саясатының басты мақсаты» атты Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы Жолдауы
	«Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы Жолдауы
	«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы
	Ел бірлігі доктринасы

4. Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту

Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары, мақсаттары және міндеттері	Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары, мақсаттары және міндеттерін іске асыру бойынша іс-шаралар	Іске асырылу кезеңі
1	2	3
<p>1-стратегиялық бағыт. Мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру</p> <p>1.1-мақсат. Отандық мәдениетті елде және шет елдерде танымал ету</p> <p>1.1.1-міндет. «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жобасын одан әрі жүзеге асыру аясында тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттау</p> <p>1.1.2-міндет. Мәдени құндылықтарға тұрғындардың қол жетімділігін арттыру</p> <p>1.1.3-міндет. Мәдениет саласындағы отандық өнімдерге сұраныстың артуын ынталандыру</p>	<p>1. Менеджмент жүйесін жаңғырту: Мәдениет және ақпарат министрлігі стратегиялық жоспарының іс-шараларын сапалы орындауды қамтамасыз ету мақсатында бағыныстағы мәдениет мекемелерімен өзара іс-қимылды дамытудың тиімді жүйесін енгізу; Инфрақұрылыммен жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында Мәдениет және ақпарат министрлігі құрылымдық бөлімдерінің қызметтерін қайта бөлу; бағдарламалық-мақсатты басқару моделін енгізу (құрылымдық бөлім басшылары мен бағыныстағы ұйымдар басшыларының Мәдениет және ақпарат министрлігі Стратегиялық жоспарының мақсатты индикаторлары мен көрсеткіштеріне қол жеткізу/қол жеткізбеуге қатысты жауапкершіліктерінің деңгейін анықтау); Мәдениет және ақпарат министрлігі мен оған бағынысты ұйымдар қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру процесін мониторингілеу жүйесін енгізу; әйелдер қауымын шешім қабылдау деңгейіне жеткізу механизмін әзірлеу және 2016 жылы олардың сол деңгейдегі көлемін 30 %-ға жеткізу.</p> <p>2. Мәдени кеңістікті дамытудың реттеуіш функциясын орындау:</p> <p>мәдениет саласындағы нормативті-құқықтық базаны жетілдіру;</p> <p>мемлекеттік бақылау субъектілерін жоспарлы тексеру санын төмендету;</p> <p>сапаны бағалау жүйесін енгізу және болашақта ISO 9000 стандарттарын енгізу.</p> <p>3. Саланың нарықтық механизмдерінің теңдік дамуы: нарықтық қатынастарды дамыту негізінде мәдениет саласындағы бәсекеге қабілетті өнімді ынталандыру; бәсекеге қабілетті мәдени өнімді жасау процесінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жүйесін енгізу.</p>	2011 - 2015 жылдары
	<p>1. Менеджмент жүйесін жаңғырту: Мәдениет және ақпарат министрлігі стратегиялық</p>	

<p>2-стратегиялық бағыт. Отандық ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру</p> <p>2.1-мақсат. Мемлекеттік ақпараттық саясатты, баспа және мұрағат ісін іске асырудың тиімділігін арттыру</p> <p>2.1.1-міндет. Мемлекеттік ақпараттық саясатты БАҚ арқылы іске асыру</p> <p>2.1.2-міндет. Шетелдік ақпараттық өнімге тәуелділікті төмендету</p> <p>2.1.3-міндет. Бұқаралық ақпарат құралдарының құқықтық мәдениетін көтеру және заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету</p> <p>2.1.4-міндет. Ұлттық мұрағат қорының құрамы мен мазмұнын және жеке құрам бойынша құжаттарды толықтыру сақтау</p> <p>2.1.5-міндет. Халықтың Ұлттық мұрағат қоры ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету</p> <p>2.1.6-міндет. Әлеуметтік маңызы бар әдебиетті шығару</p>	<p>жоспарының іс-шараларын сапалы орындауды қамтамасыз ету мақсатында бағыныстағы мәдениет мекемелерімен өзара іс-қимылды дамытудың тиімді жүйесін енгізу; Инфрақұрылыммен жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында Мәдениет және ақпарат министрлігі құрылымдық бөлімдерінің қызметтерін қайта бөлу; бағдарламалық-мақсатты басқару моделін енгізу (құрылымдық бөлім басшылары мен бағыныстағы ұйымдар басшыларының Мәдениет және ақпарат министрлігі Стратегиялық жоспарының мақсатты индикаторлары мен көрсеткіштеріне қол жеткізу/қол жеткізбеуге қатысты жауапкершіліктерінің деңгейін анықтау); Мәдениет және ақпарат министрлігі мен оған бағынысты ұйымдар қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру процесін мониторингілеу жүйесін енгізу; әйелдер қауымын шешім қабылдау деңгейіне жеткізу механизмін әзірлеу және 2016 жылы олардың сол деңгейдегі көлемін 30 %-ға жеткізу.</p> <p>2. Реттеуіш функциясын орындау: Мемлекеттік ақпараттық саясат шеңберінде электрондық, баспа БАҚ және мемлекеттік емес БАҚ-ның шығаратын өнімдері сапасын жақсарту бойынша мониторинг жүргізу; Жаңа жабдықтар сатып алу, күрделі жөндеу арқылы ведомстволық бағынысты мұрағаттық мекемелердің материалдық-техникалық базасын нығайту; Мұрағаттық мекемелердің қызметін автоматтандыру және ақпараттық технологияларды енгізу.</p>	
<p>3-стратегиялық бағыт. Қазақстан халқын біріктіру факторы ретінде төзімді тілдік орта құру</p> <p>3.1-мақсат. Мемлекеттік тілді және қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын дамыту</p> <p>3.1.1-міндет. Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникаивтік және біріктіру функцияларын кеңейту</p> <p>3.1.2-міндет. Қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын сақтау</p>	<p>1. Менеджмент жүйесін жаңғырту: Мәдениет және ақпарат министрлігі стратегиялық жоспарының іс-шараларын сапалы орындауды қамтамасыз ету мақсатында бағыныстағы мәдениет мекемелерімен өзара іс-қимылды дамытудың тиімді жүйесін енгізу; Инфрақұрылыммен жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында Мәдениет және ақпарат министрлігі құрылымдық бөлімдерінің қызметтерін қайта бөлу; бағдарламалық-мақсатты басқару моделін енгізу (құрылымдық бөлім басшылары мен бағыныстағы ұйымдар басшыларының Мәдениет және ақпарат министрлігі Стратегиялық жоспарының мақсатты индикаторлары мен көрсеткіштеріне қол жеткізу/қол жеткізбеуге қатысты жауапкершіліктерінің деңгейін анықтау); Мәдениет және ақпарат министрлігі мен оған бағынысты ұйымдар қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру процесін мониторингілеу жүйесін енгізу; әйелдер қауымын шешім қабылдау деңгейіне жеткізу механизмін әзірлеу және 2016 жылы олардың сол деңгейдегі көлемін 30 %-ға жеткізу.</p> <p>2. Реттеуіш функциясын орындау: 2011 - 2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру; тілдерді ары қарай дамыту мен қолдундың нормативті-құқықтық және әдістемелік базасын жетілдіру; мемлекеттік бақылау субъектілерін жоспарлы тексеру</p>	

	с а н ы н 3. Саланың нарықтық механизмдерінің теңдік дамуы: нарықтық қатынастарды дамыту негізінде тілді дамыту мен қолданудың саласындағы бәсекеге қабілетті өнімді ынталандыру.	т ө м е н д е т у . 2011 - 2015 жылдары
4. Стратегиялық бағыт. Мемлекеттілікті және ел бірлігін одан әрі нығайту, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету. 4.1-мақсат. Ел бірлігін қамтамасыз ету және қазақстандық патриотизмді нығайту 4.1.1-міндет. Этносаралық келісімді сақтау мен нығайту, Қазақстан халқы ассамблеясының рөлін одан әрі арттыру 4.1.2-міндет. Стратегия мен Қазақстан дамуының басымдықтарын және жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатты түсіндіру және насихаттау 4.1.3-міндет. Елдің даму стратегиясын іске асыруға азаматтық қоғам институттарының қатысуын кеңейту	1. Менеджмент жүйесін жаңғырту: Мәдениет және ақпарат министрлігі стратегиялық жоспарының іс-шараларын сапалы орындауды қамтамасыз ету мақсатында бағыныстағы мәдениет мекемелерімен өзара іс-қимылды дамытудың тиімді жүйесін енгізу; Инфрақұрылыммен жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында Мәдениет және ақпарат министрлігі құрылымдық бөлімдерінің қызметтерін қайта бөлу; бағдарламалық-мақсатты басқару моделін енгізу (құрылымдық бөлім басшылары мен бағыныстағы ұйымдар басшыларының Мәдениет және ақпарат министрлігі Стратегиялық жоспарының мақсатты индикаторлары мен көрсеткіштеріне қол жеткізу/қол жеткізбеуге қатысты жауапкершіліктерінің деңгейін анықтау); Мәдениет және ақпарат министрлігі мен оған бағынысты ұйымдар қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру процесін мониторингілеу жүйесін енгізу; әйелдер қауымын шешім қабылдау деңгейіне жеткізу механизмін әзірлеу және 2016 жылы олардың сол деңгейдегі көлемін 30 %-ға жеткізу. 2. Реттеуіш функциясын орындау: Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі жанындағы Сараптамалық кеңес жұмысын ж е т і л д і р у ; салалық мақсатты топтарға арналған Қазақстан картасын жасау және олардың әрқайсысымен жұмыс үшін бағдарлама әзірлеу.	2011 - 2015 жылдары

5. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл

Ведомствоаралық өзара іс-қимылды қажет ететін міндеттер көрсеткіші	Ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруға қажетті мемлекеттік орган	Ведомствоаралық өзара іс-қимылды орнату үшін мемлекеттік орган қолданатын шаралар
